

Мұнайлы аудандық мәслихатының 2015 жылғы 21 тамыздағы №36/383 "Қазақстан Республикасының жер заңнамасына сәйкес Мұнайлы ауданында пайдаланылмайтын ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерге жер салығының базалық мөлшерлемелерін және бірынғай жер салығының мөлшерлемелерін жоғарылату туралы" шешіміне өзгеріс енгізу туралы

### *Күшін жойған*

Маңғыстау облысы Мұнайлы аудандық мәслихатының 2016 жылғы 16 наурыздағы № 42/457 шешімі. Маңғыстау облысы Әділет департаментінде 2016 жылғы 13 сәуірде № 3007 болып тіркелді. Күші жойылды-Маңғыстау облысы Мұнайлы аудандық мәслихатының 2021 жылғы 16 сәуірдегі № 3/20 шешімімен

**Ескерту.** Күші жойылды - Маңғыстау облысы Мұнайлы аудандық мәслихатының 16.04.2021 № 3/20 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

Р Қ А О - н ы ң        е ск е р т п е с і .

**Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.**

"Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" (Салық кодексі) 2008 жылғы 10 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының кодексіне, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Занына сәйкес және Маңғыстау облысының әділет департаментінің 2016 жылғы 15 қаңтардағы № 10-11-148 ақпараттық хатының негізінде, Мұнайлы аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Мұнайлы аудандық мәслихатының 2015 жылғы 21 тамыздағы № 36/383 "Қазақстан Республикасының жер заңнамасына сәйкес Мұнайлы ауданында пайдаланылмайтын ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерге жер салығының базалық мөлшерлемелерін және бірынғай жер салығының мөлшерлемелерін жоғарылату туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 2834 болып тіркелген, 2015 жылғы 5 қазанда "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған) шешіміне келесідей өзгеріс енгізілсін:

кіріспе бөлімі келесідей мазмұнда жаңа редакцияда жазылсын:

"Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" (Салық кодексі) 2008 жылғы 10 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының кодексіне және "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және

өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қантардағы Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес, Мұнайлы аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**".

2. Мұнайлы аудандық мәслихаты аппаратының басшысы (А. Жанбуршина) осы шешімнің әділет органдарында мемлекеттік тіркелуін, оның "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесі мен бұқаралық ақпарат құралдарында ресми жариялануын қамтамасыз етсін.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылау Мұнайлы аудандық мәслихатының экономика және бюджет мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясына жүктелсін (комиссия төрағасы С. Есенкулов).

4. Осы шешім әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күшіне енеді және ол алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Сессия төрағасы

А. Укибаев

Мәслихат хатшысының

міндеттін уақытша атқарушы

Б. Курбанов

### "КЕЛІСІЛДІ"

"Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің  
мемлекеттік кірістер комитеті Маңғыстау  
облысы бойынша мемлекеттік кірістер  
департаментінің Мұнайлы ауданы бойынша  
мемлекеттік кірістер басқармасы" республикалық  
мемлекеттік мекемесінің басшысы

М. Таңтар

16 наурыз 2016 жыл.

### "КЕЛІСІЛДІ"

"Мұнайлы аудандық жер  
қатынастары бөлімі" мемлекеттік  
мекемесінің басшысы

Ә. Отегенов

16 наурыз 2016 жыл.